

6D020300 - Тарих саласында «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бисембаева Ляззат Амандыковнаның «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» атты диссертациялық жұмысының қолжазбасына тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Мұхатова Оразгұл Хасенқызының

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Негіздері XX ғасырдың екінші жартысынан бастау алатын, одан кейінгі уақыттарда тарих ғылымындағы жаңа бағыттардың біріне айналған күнделікті өмір көпқырлы, пәнаралық синтездегі күрделі тарихи білімнің саласы саналады. Саяси тарихты зерттеуге үстемдік берілген кеңестік тарих ғылымында бұл бағыт тарихшылардың методологиялық ұстаныма айнала қоймады. Посткеңестік тарихнамада таптаурын теориялар мен тұжырымдамалардан бас тарта бастаған тұста Отан тарихын зерделеудің тың методологиялық бағыттарын қолданудың маңызы арта түсті. Дегенмен күнделікті өмір деп аталатын микротарихты зерттеу бірден қолға алынбады. Мұның өзіндік себептері де жеткілікті. Ең бастылары: біріншіден, күнделікті өмір мәселесі тарихпен шектеліп қана қоймайды, ол этнология, әлеуметтану, философия, мәдениеттану, психология және т.б. ғылымдарымен тығыз байланыстағы зерттеуді қажет етеді; екіншіден, тарихшы-зерттеуші белгілі бір тарихи уақыттың рухын сезінуі тиіс және үшіншіден, күнделікті өмірді зерттеудің өзіндік әдістері бар. Сондықтан да оны аталған ғылымдардың зерттеу әдістерін менгерген, арнайы дайындығы, білімі мен біліктілігі талаптарға сәйкес зерттеуші ғана жүзеге асыра алады.

Сонымен қатар соңғы кездері өлкетануға, туған жердің өткені мен бүгінгісін зерттеуге ерекше назар аударылып келеді. Жас үрпақтың бойында шынайы отансүйгіштік, елі мен жерін ардақтау қасиеттерін өлкені тану арқылы қол жеткізуге болатындығын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Осы тұрғыдан келгенде ізденуші Л.А.Бисембаеваның зерттеу жұмысының нысанына айналған Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені бұл мәселенің отандық тарих ғылымында арнайы, әрі кешенді тұрде зерттеліп, болашақта назар аудараптың тұстары айқындалмаған.

2. Диссертацияларға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9, 10 тармағында және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлкүжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Отандық тарих ғылымының, соның ішінде тұрғындардың күнделікті өмір тарихы мәселелерін талдауға арналған Л.А.Бисембаеваның Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған

диссертациялық жұмысы өзіндік дәйекті ғылыми тұжырымдары бар, аяқталған, дербес зерттеу болып табылады. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша Жетісу облысының халқы және саяси-экономикалық жағдайы, өлке тұрғындарының күнделікті өмірі мен тұрмысы, шаруашылығы, өз заманындағы өзгерістерді тарихи деректерді: архив құжаттарын, санақ, мерзімді басылым материалдарын талдау арқылы мақсатына қол жеткізген. Диссертацияда тарих ғылыминың тарихилық, объективтілік ғылыми қағидалары, ретроспективтілік, тарихи-салыстырмалы, жүйелеу, тарихи типология әдістері қолданылды. Тақырыптың мазмұнын ашуда тарихи феноменология методологиялық бағыты пайдаланылды. Зерттеу жұмысының 1867-1917 жылдар аралығын қамтитын мерзімдік және тарихи аумақтық шегі Жетісуды Қазақстанның өзге де аймақтарымен салыстыра қарастырып, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берген. Осындай ғылыми талдау арқылы жұмыста мына төмендегі ғылыми нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже. XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу өнірі халқының патшалық Ресейдің отарлау саясатының ауқымында демографиялық жағдайындағы, мәдени дамуындағы өзгерістер, дәстүрлі шаруашылықтың күнделікті сұраныстарға бейімделуі, сауданың дамуы және оның тұрғындар өміріне әсері қарастырылып, диалектикалық қайшылық тұрғысынан талданды.

Екінші нәтиже. Облыстың саяси-экономикалық өміріндегі жаңа үрдістер, әкімшілік басқару және жергілікті тұрғындардың өзара қарым-қатынасы тарих ғылыминдағы күнделіктілік бағыты, сондай-ақ, тарихи зерттеудің пәні тұрғысынан анықталды. Мұның өзі отаршылдықтың қазақ халқының өміріне ықпалының жаңа қырларын ашуға мүмкіндік берген.

Үшінші нәтиже. Ресей империясының қазақ жерлерін меншігі ретінде заңдастырғаннан кейінгі кезеңдегі жергілікті тұрғындардың шаруашылығына енген өзгерістер күнделікті өмір тарихын зерттеу бағытында зерттеліп, қазақтардың қоныс аударушы казактармен, орыс шаруаларымен, ұйғырлар және дүнгендермен өзара шаруашылық байланыстары жаңа көзқарастар ауқымында баяндалды.

Төртінші нәтиже. Дәстүрлі қоғамның капиталистік қатынастарға бейімделуі, реформалардың Жетісу қазақтарының діліне, психологиясына, денсаулығына әсері күнделікті өмір тарихын зерттеудің әдістерін қолдану арқылы зерттеліп, орын алған өзгерістер отандық тарих ғылыминдағы тың тұжырымдар негізінде көрсетілді.

Бесінші нәтиже. Орыстандыру саясатының салт-дәстүрге, дінге, санаға, жәдитшілдік қозғалысының Жетісу мұсылмандарының рухани өміріне әсері күнделікті өмірдегі өзгерістермен ұштастырыла талданды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезеңіндегі өлкенің ауыл және село тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі қарастырылды.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиже. Бұл нәтижеге Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 19, 44, 64 қор құжаттары және 1883, 1887, 1892, 1893, 1895-1897, 1901, 1906-1911 жылдардағы «Обзор Семиреченской области» есептік сипаттағы басылымдардағы, К.К.Пален, В.А.Васильев, А.Л.Трегубов, Т.И.Седельников, П.П.Румянцев тәрізді патша әкімшілігінің шенеуніктерінің еңбектеріндегі мәліметтермен салыстырмалы түрде талдау арқылы қол жеткізілді. Сондықтан да сәйкесінше жасалған тұжырымдар ғылыми, әрі дәйекті болып табылады.

Екінші нәтиже. Бұл нәтиже Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Алматы облысы бойынша XX ғасырдың 50-жылдары ұйымдастырған экспедиция және «Семиреченские ведомости», «Семиреченские областные ведомости» мерзімді басылымдар материалдары бойынша негізделді. Аталған деректердің фактілері тарихи шындыққа сәйкес, сондықтан да шынайылық деңгейі жоғары деп санауга болады.

Үшінші нәтиже. Бұл нәтиженің негіздігі ҚР ОМА 41, 64 қор құжаттары, ұлт зиялышары Ш.Уәлиханов, Ә.Бекейханов, М.Тынышбаев еңбектері және «Қазақ», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Туркестанские ведомости», «Туркестанский сборник», «Киргизская степная газета» мерзімді басылым материалдары арқылы дәйектелді. Осыған орай алғынған ғылыми нәтижені шынайы деп тұжырымдауға болады.

Төртінші нәтиже. Зерттеуде Жетісудың жергілікті тұрғындарының капиталистік қатынастарға, патша үкіметінің жүргізген реформаларына бейімделуі және олардың күнделікті тұрмыс-тіршілікке әсері Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Орталық мемлекеттік музейі, ҚР Орталық мемлекеттік кинофото және дыбыс жазбалар архиві, жарық көрген архив құжаттары мен материалдары жинақтарының мәліметтерін талдау арқылы көрсетілген. Сондықтан да түйінделген тұжырымдар нақты әрі шынайы болып саналады.

Бесінші нәтиже. Бұл нәтиженің негізділігіне «Ғылым ордасы» орталық ғылыми кітапханасының сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар бөліміндегі 951, 1019, 1020 қорларының материалдары, Ж.Жабаев, Б.Жолбарысұлы, С.Аронұлы, Ш.Қанайұлы, М.Кылыш, О.Сыдықовтың шығармалары, сондай-ақ «Бес ғасыр жырлайды» ауызша деректері арқылы көз жеткізілді. Осыған орай қорғауға ұсынылған тұжырымдар шынайы болып табылады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде ізденушінің түйіндеңген тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалықтары деңгейі негізінен алғанда жоғары. Олар мына төмендегідей:

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені Отандық тарих ғылымында XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу өңірі халқының патшалық Ресейдің отарлау саясатының ауқымында орын алған саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістер және Жетісу облысы ауыл, село тұрғындарының сол өзгерістер ыңғайына,

шаруашылықтың күнделікті сұраныстарға бейімделуі архив құжаттары, есептік сипаттағы және мерзімді басылымдар негізінде кешенді әрі жүйелі түрде, жан-жақты қарастырылды.

Екінші нәтижені жаңа деп санауга болады, тарих ғылымындағы күнделіктілік бағыты, сондай-ақ тарихи зерттеудің пәні тұрғысынан отарлау саясатының ауқымындағы облыстың ауыл және село адамдарының өміріндегі жаңа үрдістер, билік пен тұрғындарының өзара байланысы дәйекті түрде анықталды.

Үшінші нәтиже жартылай жаңа. Ресей империясының қазақ жерлерін меншігі ретінде заңдастырғаннан кейінгі кезеңдегі жергілікті тұрғындардың шаруашылығына енген өзгерістер күнделікті өмір тарихын зерттеу бағытында зерттеліп, қазақтардың қоныс аударушы казактармен, орыс шаруаларымен, ұйғырлар және дүнгендермен өзара шаруашылық байланыстары жаңа көзқарастар ауқымында баяндалды.

Төртінші нәтиже де жартылай жаңа болып саналады. Капиталистік қатынастармен бірге келген өзгерістердің дәстүрлі қоғамға әсері және түрлі реформалардың тұрғындардың тұрмысына, санасына, денсаулығына әсері күнделікті өмір тарихы тарихи типология, тарихи жүйелеу әдістерін қолдану арқылы зерттелді.

Бесінші нәтиже жаңа. Орыстандыру саясатының салт-дәстүрге, дінге, кері ықпалы, оның жағымсыз салдары, жәдитшілдік қозғалысының Жетісу мұсылмандарының рухани өміріне әсері және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезеңдегі өлкенің ауыл және село тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі талданды. Сонымен қатар тұрғындардың сол бір аласапыран кезеңдегі психологиялық жағдайына деректер ауқымында баға берілді.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.

Л.А.Бисембаевың диссертациясы аяқталған, ғылыми нәтижелері жаңа, тұжырымдары дәйекті зерттеу болып табылады. Диссертацияның құрылымы тарих ғылымының талаптарына сәйкес, бір-бірімен сабактас мәселелерді талдауға, әрі тақырыптың мазмұнын ашуға, ізденушінің алдына қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізу үшін негізінен ұтымды жасалған. Зерттеу жұмысының мазмұндық және логикалық бірлігі сақталған. Алынған нәтижелері мен жасаған қорытындыларын тақырыпты теориялық және методологиялық тұрғыда терең және пәнаралық байланыстар тоғысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері деп есептеуге толық негіз бар.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Л.А.Бисембаевың диссертациялық жұмысында қол жеткізілген ой-тұжырымдар күнделікті өмір тарихын қарастыратын ұжымдық зерттеулер дайындауда өз үлесін қоса алады. Сондай-ақ өлкетану бойынша жаңашыл бағыттағы іргелі туындыларды дайындауда пайдалануға болады. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелерің «Туған жер» бағдарламасы бойынша жастар арасында тәрбие шараларын өткізудегі маңызы зор. Еңбекті

жоғары оқу орындарында әлективті курстар жүргізуде, тарих факультетіндегі іргелі Қазақстан тарихы және тарихи өлкетану пәндері бойынша дәрістер мен семинар сабактарында қолдануға болады.

Диссертацияның тарихи жазба деректер деректер негізінде жасалған тұжырымдары мен қорытындыларын ғылыми еңбектер, оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар дайындауға, сол сияқты жоғары оқу орындарының Тарих мамандығы бойынша білім алатын магистранттары мен докторанттары үшін оқылатын арнайы курстар дайындауда қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияда ұсынылған негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары ізденушінің тиісті басылымдарда жарияланған 12 ғылыми енбегінде көрініс тапқан. Оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 4 ғылыми басылымдарда, Scopus компаниясының ақпараттық базасында тіркелген 2 жарияланымда және 5 халықаралық, оның ішінде 1 шетелдік ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрген. Жарияланған бұл ғылыми еңбектер диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаларына, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес келеді

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Ізденуші Л.А.Бисембаевың диссертациялық жұмыс ауқымында айтартықтай ғылыми нәтижелер мен жаңалықтарға қол жеткізілгенімен оның мазмұны және рәсімделуіне байланысты мынадай кемшіліктер мен ескертпелерді атап өтуді орынды деп есептеймін:

1. Зерттеудің деректік базасында көрсетілген әрі ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге негіз болған деректерді деректану ғылымының заманауи теориялық және методикалық ұстанымдарына сәйкес жүйелеу жұмыстың ғылымилығын арттыра түсер еді.

2. Зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері толық көрсетілмеген. Күнделікті өмір мәселелерін тарихи тұрғыда зерттеуде пәнаралық әдістердің қолданылатындығы белгілі. Еңбектің 18 бетінде автор: «Зерттеу жұмысы, сондай-ақ адамды және оның іс-әрекетін зерттейтін бірнеше туыстас ғылым салаларына сүйене отырып жүргізілді», - деп жазылған. Алайда автор сондай ғылым әдістерінің кейбіреуін ғана қолданған. Осылан байланысты диссертацияда сипаттау, баяндау, өлшеу, есептеу тәрізді зерттеудің әмпирикалық әдістеріне басымдылық берілген.

3. Жұмыста күнделікті өмірдегі демалыстар, жетісулық жергілікті тұрғындардың қазақ даласының өзге өнірлеріне ұқсамайтын өмір салты жөнінде мәліметтер толық келтірілмейді. Диссертацияның мәтінінде жетісулықтардың күнделікті тұрмысындағы ерекшеліктерге өз заманында халық арасына кең тараған, кедейлер үшін таңсық болған «әмірқан (американ) етік», «болыскей» (польский) керует», «мекалай (николай) төсек» деген тәрізді сөз тіркестері мен ұғымдары арқылы мән берілгенде зерттеудің

мазмұны тереңдей түскен болар еді.

Дегенмен, аталған кемшіліктер мен сын-ескертпелер ғылыми жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның Фылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Зерттеу жұмысы 1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының өмірін күнделікті тұрмыс-тіршілікті, ондағы өзгерістерді, олардың салдарлары мен зардаптары тарихи деректер негізінде талдауға арналған. Ізденуші өзінің алдына қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізе алған. Қорғауға ұсынылған тұжырымдары дәйекті, әрі нақты. Ғылыми жаңалықтары отандық тарих ғылымына қосылған үлес болып саналады. Л.А.Бисембаевың «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж)» тақырыбындағы 6D020300-Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын қанағаттандырады, сондықтан автор Бисембаева Ляззат Амандыковна 6D020300-Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайык деп санаймын.

Рецензент:
т.ф.д., профессор
24.07.2019 ж.

О.Х.Мухатова

